

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
АКМОЛА ОБЛЫСЫНЫҢ
ӘДІЛЕТ ДЕПАРТАМЕНТІ

БҰРАБАЙ АУДАНЫНЫҢ ӘДІЛЕТ БАСҚАРМАСЫ

ЕҢГІЗІЛГЕН ӨЗГЕРТУЛЕР
МЕН ТОЛЫҚТЫРУЛАРДЫҢ
ТІРКЕУІ ЖҮРГІЗІЛДІ

2019 ж. "05" маусым

№ 146-1902-ад



Қазақстан Республикасы
Президенті Іс Басқармасының
Медициналық орталығы
2019 жылғы « 04 » ақпандағы
№ 15 бұйрығымен
БЕКІТІЛДІ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
АКМОЛА ОБЛЫСЫНЫҢ
ӘДІЛЕТ ДЕПАРТАМЕНТІ

БҰРАБАЙ АУДАНЫНЫҢ ӘДІЛЕТ БАСҚАРМАСЫ

ЕҢГІЗІЛГЕН ӨЗГЕРТУЛЕР
МЕН ТОЛЫҚТЫРУЛАРДЫҢ
ТІРКЕУІ ЖҮРГІЗІЛДІ

2019 ж. "05" маусым

05104 0005150

(Бизнес-сәйкестендіру нөмірі)

Қазақстан Республикасы Қаржы
министрлігі Мемлекеттік мүлік
және жекешелендіру комитетінің
2005 жылғы 19 қыркүйектегі №377
бұйрығымен бекітілген

«Оқжетпес» емдеу-сауықтыру кешені» акционерлік қоғамының ЖАРҒЫСЫ

(жаңа редакцияда)

Бурабай кенті, 2019 жыл

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1. Осы «Оқжетпес» емдеу-сауықтыру кешені» акционерлік қоғамының жарғысы (бұдан әрі – Жарғы) қоғамның заңды тұлға ретінде құқықтық мәртебесін, оның атауын, мекенжайын, оның органдарын құру тәртібі мен құзыретін, қайта ұйымдастыру мен қызметін тоқтату шарттарын және Қазақстан Республикасының заңнамаларына қайшы келмейтін басқа да ережелерді анықтайды.

2. «Оқжетпес» емдеу-сауықтыру кешені» акционерлік қоғамы (бұдан әрі – Қоғам) «Республикалық мемлекеттік кәсіпорындардың кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 6 маусымдағы №563 қаулысына сәйкес жарғылық капиталына мемлекеттің жүз пайыз қатысуымен акционерлік қоғамның ұйымдық-құқықтық нысанында құрылды.

3. Қоғам Қазақстан Республикасы Президенті Іс Басқармасы Медициналық орталығының «Оқжетпес» клиникалық санаторийі» республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының құқықтық мирасқоры болып табылады.

4. Қоғамның құрылтайшысы Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті тұлғасында Қазақстан Республикасының Үкіметі болып табылады.

5. Қоғамның мемлекеттік акциялар пакетін иелену және пайдалану құқығы «Қазақстан Республикасы Президенті Іс Басқармасының Медициналық орталығы» мемлекеттік мекемесіне (бұдан әрі - «Жалғыз акционер») тиесілі.

6. Қоғамның бизнес-сәйкестендіру нөмірі (БСН) - 051040005150.

7. Қоғам Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексін, 2003 жылғы 13 мамырдағы «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңын (бұдан әрі - Заң), «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасының Заңын, Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерін, сондай-ақ осы Жарғы мен Қоғамның корпоративтік басқару Кодексін басшылыққа алады.

8. Қоғам Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзінің дербес теңгерімі, банк шоттары бар, мүліктік және жеке мүліктік емес құқықтарды өз атынан сатып және жүзеге асыра алады, міндеттене алады, сотта талапкер және жауапкер бола алады.

9. Қоғамның атауы және басқа да оның қызметтерін жүзеге асыруға қажетті реквизиттері жазылған өзінің бланктері, мөрлері бар.

10. Қоғам Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте заңды тұлғалардың капиталдарына қатысуға құқылы.

11. Қоғам Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде

көзделген тәртіппен өзінің орналасқан жерінен тысқары жерде орналасқан, заңды тұлға болып табылмайтын және олар туралы Ереже негізінде Қоғам атынан және оның тапсырмасы бойынша әрекет ететін филиалдарын (өкілдіктерін) құруға құқылы.

12. Қоғамның құрылтай құжаты осы Жарғы болып табылады. Барлық мүдделі тұлғалар осы Жарғымен танысуға құқылы.

13. Қоғамның мәртебесі ірі кәсіпорын субъектісі ретінде айқындалды.

2. ҚОҒАМНЫҢ АТҚАРУШЫ ОРГАНЫНЫҢ АТАУЫ ЖӘНЕ ОРНАЛАСУ ОРНЫ

14. Қоғамның толық атауы:

1) мемлекеттік тілде: «Оқжетпес» емдеу-сауықтыру кешені» акционерлік қоғамы;

2) орыс тілінде: акционерное общество «Лечебно-оздоровительный комплекс «Ок-Жетпес»;

3) ағылшын тілінде: «Therapeutic Recreation Complex «Okzhetpes» Joint Stock Company.

15. Қоғамның қысқаша атауы:

1) мемлекеттік тілде: «Оқжетпес» ЕСК» АҚ;

2) орыс тілінде: АО «ЛОК «Ок-Жетпес»;

3) ағылшын тілінде: «TRC» Okzhetpes» JSC.

16. Қоғамның атқарушы органының орналасқан орны: Қазақстан Республикасы, Ақмола облысы, Бурабай ауданы, Бурабай кенті, Бурабай көлінің Оңтүстік-Батыс жағалауы аумағы, 5-ші ғимарат, индексі 021700.

3. ҚОҒАМ ҚЫЗМЕТІНІҢ МӘНІ, МАҚСАТЫ ЖӘНЕ ТҮРЛЕРІ

17. Қоғам қызметінің негізгі мәні денсаулық сақтау саласында өндірістік-шаруашылық қызметтерді жүзеге асыру.

18. Қоғамның мақсаты - Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес медициналық қызметті, қалпына келтіру емін және оңалтуды жүзеге асыру, мемлекеттік қызметшілердің, тіркелген құрамның және азаматтардың басқа санаттарының денсаулықтарын нығайту.

19. Қоғам келесі қызмет түрлерін жүзеге асырады:

1) емдеу-оңалту медициналық көмегін көрсетуді жүзеге асыру;

2) табиғи факторларды физиотерапия, емдік тамақтану, емдік дене шынықтырумен үйлестіре отырып пациенттерді оңалтуды жүзеге асыру;

3) емдеу-профилактикалық, оңалту, санитариялық-гигиеналық және эпидемияға қарсы іс-шараларды жүзеге асыру;

4) ауруларды емдеуді қазіргі заманғы ғылыми талаптарды ескере отырып ұйымдастыру;

5) аурулардың ерекшелігін ескере отырып ұтымды және емдәмдік тамақтануды ұйымдастыру;

20. Қоғам қызмет мәніне және оның мақсатына қайшы келмейтін өзге де қызметтерді жүзеге асыруға құқылы.

21. Лицензияны немесе заңмен белгіленген тәртіпте алу қажет болатын басқа рұқсат талап етілетін қызмет түрлері тиісті лицензиялар немесе рұқсаттардың басқа түрлерін алғаннан кейін ғана жүзеге асырылады.

4. АКЦИЯЛАР. БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАРДЫ ОРНАЛАСТЫРУ ШАРТТАРЫ

22. Қоғам қарапайым акцияларды және басқа да бағалы қағаздарды шығаруға құқылы. Қоғамның бағалы қағаздарын шығару, орналастыру, айналысқа жіберу және өтеу шарттары мен тәртібі Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар нарығы туралы заңнамасымен айқындалады.

23. Акциялар құжаттық емес нысанда шығарылады. Акция бөлінбейді.

24. Қарапайым акция Жалғыз акционерге заңға сәйкес қарауға шығарылатын барлық мәселелер бойынша шешім шығаруға, егер Қоғамның таза кірісі болса дивидендтер алуға, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен оны таратқан кезде Қоғам мүлкінің бір бөлігін алу құқығын береді.

Қоғамның жай акциялары бойынша дивидендтер төлеу жылдың аяғында жүзеге асырылады.

25. Акцияларды орналастыру (сату), оның ішінде жарияланған акциялардың саны шегінде Қоғамның жарияланған (сатылған) акцияларының саны, оларды орналастыру (сату) әдісі мен бағасы туралы шешімді Қоғамның Директорлар кеңесі қабылдайды.

26. Қоғам өз акцияларын бір немесе бірнеше рет орналастыру арқылы олардың шығарылуын мемлекеттік тіркегеннен кейін орналастырады.

27. Қоғамның орналастырылатын акцияларына ақы төлеу Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

28. Қоғамның акцияларын ұстаушылардың тізілімдер жүйесін «Бағалы қағаздардың бірыңғай тіркеушісі» АҚ онымен жасалған шарт негізінде жүзеге асырады. Қоғамның сатып алған меншікті акциялары туралы ақпарат бағалы қағаздарды ұстаушылардың тізілім жүйесіне міндетті түрде енгізілуі тиіс.

Жалғыз акционердің қол қойылған және толығымен төленген акциялар бойынша құқықтарын растайтын құжаттар ретінде акцияларды ұстаушылар тізілімінің жүйесінен алынған үзінділер есептеледі.

Қоғам орналастырған бағалы қағаздарға кепілдік бере алады, егер:

1) кепілге қойылған бағалы қағаздар толығымен төленсе;

Қоғамның бағалы қағаздарын кепілге қою құқығы шектелуі немесе Қоғам жарғысының ережелерімен алынып тасталуы мүмкін емес.

Акционер, егер кепіл шартында өзгеше көзделмесе, кепілге салынған акциялар бойынша дивидендтер алуға және дауыс беруге құқылы.

2) қоғамға кепіл ретінде берілген және онда кепілде тұрған акциялардың жалпы саны қоғамның сатып алған акцияларын қоспағанда,

қоғамның орналастырылған акцияларының жиырма бес процентінен аспауы тиіс;

3) кепіл туралы шарт егер қоғамның жарғысында өзгеше көзделмесе, Директорлар кеңесімен мақұлданады.

29. Акцияларды шығару, орналастыру, айналысқа жіберу, сондай-ақ қарапайым акциялар бойынша дивидендтер төлеу тәртібі мен шарты акцияларды шығару проспектісімен белгіленеді.

30. Қоғам айырбасталатын бағалы қағаздарды шығаруға құқылы.

31. Қосымша қаражатты тарту үшін Қоғам Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес облигациялар шығаруға құқылы.

Облигацияларды шығару, орналастыру, айналысқа жіберу, олар бойынша сыйақы төлеу, облигацияларды өтеу және оларды сатудан түскен қаражатты пайдалану шарттары мен тәртібі Қазақстан Республикасының заңнамасымен және облигациялар шығарылымының проспектісімен анықталады.

5. ТАЗА КІРІСТІ БӨЛУ ТӘРТІБІ. АКЦИЯЛАР БОЙЫНША ДИВИДЕНДТЕР

32. Қоғамның таза кірісі (салықты және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді төлегеннен кейінгі) Қоғамның иелігінде қалады және Жалғыз акционердің шешімімен анықталған тәртіппен, оның ішінде дивидендтер төлеуге бөлінеді. Қалған бөлігі Қоғамды дамытуға немесе Жалғыз акционердің шешімімен қарастырылған басқа мақсаттарға бағытталады.

33. Жыл қорытындысы бойынша жай акциялар бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім Жалғыз акционермен Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте және мөлшерде қабылданады.

Негізгі қызметке байланысты шығындарды жабу үшін Қоғам таза кіріс есебінен Жалғыз акционер анықтайтын көлемде және тәртіпте резервтік капиталды қалыптастыруға құқылы.

Дивидендтер есептелмейді және Қоғамның өзі орналастырмаған немесе сатып алған акциялары бойынша, сондай-ақ егер сот немесе Жалғыз акционермен оны жою туралы шешім қабылданса төленбейді.

34. Қоғамның жай акциялары бойынша дивидендтерді алуға жол берілмейді:

1) меншікті капиталдың теріс мөлшері кезінде немесе егер Қоғамның меншікті капиталының оның акциялары бойынша дивидендтерді есептеу нәтижесінде теріс мөлшері болса;

2) егер Қоғам Қазақстан Республикасының банкроттық туралы заңнамасына сәйкес төлем қабілетсіздігі немесе дәрменсіздік белгілерін танытса немесе Қоғамда осы көрсетілген белгілер оның акциялары бойынша дивидендтер есептеу нәтижесінде пайда болса.

6. ҚОҒАМНЫҢ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІГІ ЖӘНЕ АУДИТІ

35. Қоғамның бухгалтерлік есебі мен қаржылық есептілігі Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы заңнамасына, Қоғамның Директорлар кеңесі бекіткен Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына сәйкес жасалған есеп саясатына сәйкес жүзеге асырылады.

36. Жылдық қаржылық есепке бухгалтерлік баланс, кіріс және шығыстар туралы есеп, ақшалай қаражат қозғалысы туралы есеп, капиталдағы өзгерістер туралы есеп, түсіндірме жазба кіреді.

37. Қоғам жылдық қаржылық есептілікті (түсіндірме жазбаны қоспағанда) және аудиторлық есепті Жалғыз акционер бекіткеннен кейін 30 күнтізбелік күннен кешіктірмей бұқаралық ақпарат құралдарында 30 (отыз) мыңнан астам данадағы таралыммен жариялайды.

38. Қоғамның жылдық қаржылық есептілігі Жалғыз акционерге қарастыруға шығарылған күнге дейін 30 (отыз) күнтізбелік күн бұрын Қоғамның Директорлар кеңесімен алдын ала бекітуге жатады. Қоғамның жылдық қаржылық есептілігін түпкілікті бекітуді Жалғыз акционер жүргізеді. Қоғамның қаржылық есептілігіне жыл қорытындысы бойынша аудит жүргізгеннен кейін Жалғыз акционердің шешімі бойынша 10 жұмыс күні ішінде Қоғамның қарапайым акциялары бойынша дивидендтер төленеді.

39. Қоғам жылдық қаржылық есептілігіне аудит жүргізуге міндетті, Қоғамның аудиті Директорлар кеңесінің, атқарушы органның бастамасымен Қоғамның есебінен немесе ірі акционердің талабы бойынша оның есебінен жүргізілуі мүмкін, бұл кезде ірі акционер аудиторлық ұйымды дербес анықтауға құқылы.

Ірі акционердің талаптары бойынша аудит жүргізу кезінде Қоғам аудиторлық ұйым сұратқан барлық қажетті құжаттарды (материалдарды) беруге міндетті.

Егер Қоғамның атқарушы органы Қоғамның қаржылық есептілігіне аудит жүргізуден бас тартса, аудит кез келген мүдделі тұлғаның талап-арызы бойынша сот шешімімен тағайындалуы мүмкін.

40. Қоғамның статистикалық есебі және есептілігі Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес жүзеге асырылады.

7. ҚОҒАМНЫҢ ОРГАНДАРЫ ЖӘНЕ ОЛАРДЫ ҚҰРУ ТӘРТІБІ

41. Қоғамның органдары:

- 1) жоғарғы орган – Жалғыз акционер;
- 2) басқару органы – Директорлар кеңесі;
- 3) атқарушы орган – Президент;
- 4) Қазақстан Республикасының Заңына, өзге де нормативтік құқықтық актілеріне және (немесе) Қоғамның жарғысына сәйкес өзге де органдар.

8. ҚОҒАМНЫҢ ЖАЛҒЫЗ АКЦИОНЕРІ

42. Қоғамның жалғыз акционері:

- 1) Заңнаммен және Қоғам Жарғысымен көзделген тәртіппен Қоғамды басқаруға қатысуға;
- 2) дивидендтер алуға;
- 3) Жалғыз акционер немесе Қоғамның Жарғысымен белгіленген тәртіппен Қоғамның қызметі туралы ақпаратты алуға, оның ішінде Қоғамның қаржылық есептілігімен танысуға;
- 4) қоғамның тіркеушісінен немесе номиналды ұстаушыдан бағалы қағаздарға меншік құқығын растайтын өтініштерді алуға;
- 5) Директорлар кеңесінің отырысын шақыруды талап етуге;
- 6) аудиторлық ұйымнан өз есебінен Қоғамды тексеруді талап етуге;
- 7) Қоғам органдарының соттар қабылдаған шешімдеріне наразылық білдіруге;

8) Қоғамға оның қызметі туралы жазбаша сұраулармен жүгінуге және Қоғамнан өтініш түскен күннен бастап отыз күн ішінде дәлелді жауаптар алуға;

9) Қоғам таратылған кезде мүліктің бір бөлігіне;

10) заң актілерінде көзделген жағдайларды қоспағанда, Заңда белгіленген тәртіппен өз акцияларына айырбасталатын Қоғамның акцияларын немесе өзге де бағалы қағаздарын артықшылықпен сатып алуға;

11) Қоғамның Директорлар кеңесін сайлауға;

12) Қоғамның лауазымды тұлғаларының Қоғамға келтірген зиянды өтеу, Қоғамның лауазымды тұлғалары және (немесе) олардың үлестес тұлғаларымен мүдделілігі бар мәмілелер және (немесе) ірі мәмілелер жасасу туралы шешім қабылдау нәтижесінде (ұсыныс жасау) алынған пайданы (табыс) қайтару талабымен Заңнамада көзделген жағдайларда сот органдарына өз атынан өтініш жасауға;

13. Заңда белгіленген тәртіппен Қоғамның акцияларының санын өзгерту немесе олардың түрін өзгерту туралы шешім қабылдауға құқылы.

43. Жалғыз акционердің заңнамада және осы Жарғыда көзделген өзге де құқықтары болуы мүмкін.

44. Қоғам акционері:

- 1) акцияларды төлеуге;
- 2) он күн ішінде Қоғамның тіркеушісіне және Қоғам акционерлерінің тізілім жүйесін жүргізу үшін қажетті ақпараттың өзгеруі туралы осы акционерге тиесілі акциялардың номиналды ұстаушысына хабарлауға;
- 3) қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын Қоғам немесе оның қызметі туралы ақпаратты жария етпеуге;
- 4) Қоғам алған таза табысты бөлу туралы уақытылы шешім қабылдау және Қоғамды Қоғамның акцияларына дивидендтерді Жалғыз акционер шешім қабылдаған күннен бастап 10 күн ішінде беру.

5) Қазақстан Республикасының Заңына және өзге де заңнамалық актілеріне сәйкес басқа да міндеттерді атқаруға міндетті.

45. Жалғыз акционер Қоғамның Директорлар кеңесін сайлайды. Директорлар кеңесінің құрамына сайланған тұлғалар, егер Қазақстан Республикасының заңнамасында және Қоғам Жарғысында өзге де көзделмесе, шексіз рет қайта сайлануы мүмкін.

46. Қазақстан Республикасының заңнамасымен акционерлердің жалпы жиналысының құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша шешімдер Жалғыз акционермен жеке-дара қабылданады және жазбаша түрде ресімдеуге жатады.

47. Жалғыз акционердің айрықша құзыретіне мемлекеттік мүлік туралы уәкілетті органмен келісім бойынша қабылданатын мәселелер жатады:

1) Қоғам Жарғысына өзгертулер мен толықтырулар енгізу немесе оны жаңа редакцияда бекіту;

2) жылдық қаржылық есептілікті бекіту;

3) есепті қаржы жылындағы Қоғамның таза табысын бөлу тәртібін бекіту;

4) Қоғамға тиесілі барлық активтердің жиырма бес және одан да көп пайызын құрайтын активтердің бір бөлігін немесе барлығын бөліп беру арқылы Қоғамның басқа заңды тұлғаларды құруға немесе қызметіне қатысуы туралы шешім қабылдау;

5) Директорлар кеңесінің сандық құрамын, өкілеттік мерзімін белгілеу, оның мүшелерін сайлау және олардың өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ Директорлар кеңесі мүшелеріне сыйақы төлеу мөлшері мен шарттарын айқындау;

6) «алтын акцияны» енгізу және оның күшін жою;

7) Қоғамның ішкі қызметіне қатысты мәселелер бойынша Директорлар кеңесі қабылдайтын шешімдердің күшін жою.

48. Жалғыз акционердің айрықша құзыретіне мынадай мәселелер кіреді:

1) қабылданған жағдайда корпоративтік басқару кодексін, сондай-ақ оған өзгерістер мен толықтыруларды бекіту;

2) Қоғамның жарияланған акцияларының санын көбейту немесе Қоғамның орналастырылмаған жарияланған акцияларының түрін өзгерту туралы шешім қабылдау;

3) Қоғамның бағалы қағаздарын айырбастаудың шарттары мен тәртібін, сондай-ақ оларды өзгертуді айқындау;

4) Қоғамның аудитін жүзеге асыратын аудиторлық ұйымды анықтау;

5) жай акциялар бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдау және Қоғамның бір жай акциясына шаққанда дивиденд мөлшерін бекіту;

6) Заңда көзделген жағдайларда, Қоғамның жай және артықшылықты акциялары бойынша дивидендтер төлемеу туралы шешім қабылдау;

7) Қоғамның Заңға сәйкес сатып алуы кезінде акциялардың құнын айқындау әдістерінің өзгерістерін бекіту (әдістерді бекіту);

8) Қоғам президентін сайлау, оның өкілеттік мерзімін анықтау және өкілеттілігін мерзімінен бұрын тоқтату;

9) бұқаралық ақпарат құралын анықтауды қоса алғанда, Қоғам қызметі туралы ақпарат беру тәртібін айқындау;

10) Қоғамның қарапайым акцияларына айырбасталатын бағалы қағаздарды шығару туралы шешім қабылдау;

11) бір түрде орналастырылған акцияларды акциялардың басқа түріне айырбастау туралы шешім қабылдау, осындай айырбастаудың талаптары мен шарттарын айқындау;

12) Қоғам акцияларының ерікті делистингі туралы шешім қабылдау;

13) Заңнамамен және Қоғамның Жарғысымен Жалғыз акционердің айрықша құзыретіне кіретін шешімдер қабылдау, басқа да мәселелерді шешу;

49. Егер Қазақстан Республикасының Заңымен және өзге де заңнама актілерімен өзгеше көзделмесе, Жалғыз акционердің айрықша құзыретіне жатқызылған шешімдерді Қоғамның өзге органдарының, лауазымды тұлғаларының және қызметкерлерінің құзыретіне жатқызуға жол берілмейді.

50. Жалғыз акционер, егер Қоғам Жарғысында өзгеше көзделмесе, Қоғамның ішкі қызметіне қатысты мәселелер бойынша Қоғам органдарының кез келген шешімін жоюға құқығы бар.

51. Жалғыз акционер, Қоғаммен алынған таза табысты бөлу туралы уақытылы шешім қабылдауды және Қоғамның мемлекетке тиесілі акцияларына дивидендтерді Жалғыз акционер шешім қабылдаған күннен бастап он күн ішінде аударуын қамтамасыз етуге міндетті.

52. Жалғыз акционер Қоғамның Директорлар кеңесінің Заңның және осы Жарғының талаптарын бұза отырып қабылданған шешімдерін, егер аталған шешіммен Қоғамның құқықтары мен заңды мүдделері бұзылған жағдайда сотта дауласуға құқылы.

9. ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ

53. Қоғамның Директорлар кеңесі Заңмен және Қоғам Жарғысымен Жалғыз акционердің айрықша құзыретіне жатқызылған мәселелерді шешуді қоспағанда, Қоғамның қызметін жалпы басқаруды жүзеге асырады.

Директорлар кеңесі Қоғамның Жарғысымен оның атқарушы органының құзыретіне кіретін мәселелер туралы шешім қабылдауға, сондай-ақ Жалғыз акционер шешімдеріне қайшы келетін шешім қабылдауға құқығы жоқ.

54. Қоғамның Директорлар кеңесінің айрықша құзыретіне мынадай мәселелер кіреді:

1) Қоғам қызметінің басым бағыттарын және оны дамыту стратегиялық анықтау;

2) жарияланған акциялар, әдісі және оларды орналастыру (сату) бағасы саны шегінде орналастырылатын (сатылатын) акциялардың саны, оның ішінде орналастыру (сату) туралы шешім;

3) орналастырылған акцияларды немесе басқа да бағалы қағаздарды сатып алу және оларды сатып алу бағасы туралы шешім қабылдау;

4) Қоғамның жылдық қаржылық есептілігін алдын ала бекіту;

5) Қоғамның даму жоспарын бекіту және Қоғамның Даму жоспарының өзгертулері мен қосымшаларын (түзету), сондай-ақ Қоғамның Даму жоспарын іске асыру туралы есепті бекіту;

6) Директорлар кеңесінің комитеттері туралы ережені бекіту;

7) Қоғамның облигацияларын және туынды бағалы қағаздарын шығару шарттарын анықтау, сондай-ақ оларды шығару туралы шешім қабылдау;

8) Қоғам Президентінің, Қоғамның вице-президенттерінің лауазымдық еңбекақыларының мөлшерін және еңбекақы мен сыйақы төлеу шарттарын айқындау;

9) ішкі аудит қызметінің сандық құрамын, өкілеттілік мерзімін белгілеу, оның басшысын және мүшелерін тағайындау, сондай-ақ олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату, ішкі аудит қызметінің жұмыс тәртібін, ішкі аудит қызметінің қызметкерлеріне сыйақы беру, еңбекақы төлеу мөлшері мен шарттарын анықтау;

10) корпоративтік хатшыны тағайындау, оның өкілеттілік мерзімін белгілеу, оның өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ корпоративтік хатшының қызметтік еңбекақы мөлшері мен сыйақы төлеу шарттарын айқындау;

11) аудиторлық ұйым қызметіне ақы төлеу мөлшерін, сондай-ақ Қоғамдағы акцияларды төлеуге немесе ірі мәміленің мәні болып табылатын мүліктің нарықтық құнын бағалау бойынша бағалаушыны анықтау;

12) Қоғамның ішкі қызметін реттейтін құжаттарды (Қоғам қызметін ұйымдастыру мақсатында атқарушы орган қабылдаған құжаттарды қоспағанда), оның ішінде Қоғамның аукциондар өткізу және бағалы қағаздарын орналастыру шарттары мен тәртібін белгілейтін ішкі құжаттарды бекіту;

13) Қоғамның филиалдары мен өкілдіктерін құру және жабу туралы шешімдер қабылдау және оларға қатысты ережелерді бекіту;

14) Қоғамның басқа заңды тұлғалардың акцияларының (жарғылық капиталындағы қатысу үлестерінің) он және одан көп пайызын сатып алуы туралы шешім қабылдау;

15) жарғылық капиталының он және одан да көп пайызы (жарғылық капиталындағы қатысу үлестері) Қоғамға тиесілі заңды тұлғаның акционерлерінің (қатысушылардың) жалпы жиналысының құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша шешімдер қабылдау;

16) Қоғамның міндеттемелерін оның меншікті капиталының он және одан да көп пайызын құрайтын сомаға ұлғайту;

17) қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын Қоғам немесе оның қызметі туралы ақпаратты айқындау;

18) Қоғамның мүддесіндегі ірі мәмілелер мен мәмілелер жасасу туралы шешім қабылдау;

19) Қоғамның Есеп саясатын бекіту;

20) Жалғыз акционердің айрықша құзыретіне жатпайтын Заң мен Қоғам Жарғысында көзделген өзге мәселелер бойынша шешімдер қабылдау.

55. Осы Жарғының 54-тармағымен белгіленген мәселелер тізбесі атқарушы орган - Қоғам Президентіне шешу үшін берілуі мүмкін емес.

56. Қоғамның Директорлар кеңесін сайлау және оның қызмет тәртібі Заңмен белгіленеді.

57. Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшелерін сайлау Жалғыз акционердің шешімі бойынша жүзеге асырылады.

58. Қоғамның Директорлар кеңесінің құрамы Жалғыз акционердің өкілдерінен, мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органның өкілдерінен, Қоғамның Президентінен, тәуелсіз директорлардан және өзге де тұлғалардан құрылады.

59. Қоғамның Директорлар кеңесі кемінде бес адамнан тұрады - әрқайсысы бір дауысқа ие болатын Директорлар кеңесінің мүшелері мен оның Төрағасы. Директорлар кеңесінің мүшелерінің кемінде отыз пайызы тәуелсіз директорлар болып табылады.

60. Директорлар кеңесіне үміткерлер өз міндеттерін орындау үшін қажетті іскерлік және (немесе) өндірістік ортада тиісті еңбек өтілі, білімі, біліктілігі және оң жетістіктері болуы тиіс және Жалғыз акционер мен Қоғамның мүддесінде Директорлар кеңесінің тиімді жұмысын ұйымдастыруға тиіс.

61. Мынадай тұлғалар Директорлар кеңесінің мүшесі бола алмайды:

1) жоғары немесе орта арнайы білімі жоқ;

2) заңда белгіленген тәртіппен өтелмеген немесе алынып тасталмаған сотталғандығы бар тұлға;

3) бұрын банкрот деп танылған немесе осы тұлғаның басшылық етуі кезінде консервациялауға, санациялауға, мәжбүрлеп таратуға ұшыраған заңды тұлғаның басшысы болған тұлға банкрот болу, консервациялау, санациялау, мәжбүрлеп тарату туралы қаулы қабылданған күннен бастап бес жыл бойына;

4) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген Қоғамның Директорлар кеңесіне сайланған тұлғаларға қойылатын басқа да талаптар.

62. Директорлар кеңесіне сайланған тұлғалар, егер Қазақстан Республикасының заңнамасында өзгеше көзделмесе, қайта сайлануы мүмкін.

63. Директорлар кеңесінің өкілеттілік мерзімі Жалғыз акционермен белгіленеді және Жалғыз акционердің жаңа Директорлар кеңесін сайлайтын шешімді қабылдаған сәтінен бастап аяқталады. Жалғыз акционер Директорлар кеңесінің барлық немесе жекелеген мүшелерінің өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтатуға құқылы.

Директорлар кеңесі мүшесінің өкілеттігін оның бастамасы бойынша мерзімінен бұрын тоқтату Директорлар кеңесіне жазбаша хабарлама негізінде жүзеге асырылады. Директорлар кеңесінің осындай мүшесінің өкілеттігі Директорлар кеңесі мұндай хабарламаны алғаннан кейін тоқтатылады.

Директорлар кеңесі мүшесінің өкілеттігі мерзімінен бұрын тоқтатылған және Директорлар кеңесінің жаңа мүшесін Жалғыз акционер сайлаған жағдайда, оның өкілеттіктері Директорлар кеңесі өкілеттігінің мерзімінің аяқталуына қарай аяқталады.

64. Мемлекеттік қызметшілер болып табылатын Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшелеріне сыйақы төленбейді.

65. Қоғамның Директорлар кеңесінің Төрағасы оның мүшелерінің арасында жасырын дауыс беру арқылы Директорлар кеңесі мүшелерінің жалпы санының көпшілік даусымен сайланады.

66. Қоғамның Президенті Қоғамның Директорлар кеңесінің Төрағасы болып сайлана алмайды.

67. Қоғамның Директорлар кеңесінің Төрағасы:

1) Директорлар кеңесінің жұмысын ұйымдастырады;
2) Қоғамның Директорлар кеңесі отырыстарын шақырады және оларға төрағалық етеді;

3) отырыс өткізеді және хаттамаға қол қояды;

4) Директорлар кеңесі шешіміне сәйкес лауазымдық жалақы мөлшерін белгілеу арқылы Қоғам атынан Қоғамның президентімен еңбек шартын жасасады.

Директорлар Кеңесінің Төрағасы болмаған жағдайда оның міндеттерін Директорлар кеңесінің шешімі бойынша Директорлар кеңесінің мүшелерінің бірі жүзеге асырады, ал Қоғамның Президенті Директорлар кеңесінің Төрағасының міндеттерін жүзеге асыра алмайды.

68. Директорлар кеңесіне маңызды мәселелерді қарастыру және ұсыныстар дайындау үшін Қоғамда Директорлар кеңесінің комитеттері құрылады.

69. Директорлар кеңесінің комитеттері мынадай мәселелерді қарастырады:

1) стратегиялық жоспарлау;

2) кадрлар және сыйақылар;

3) ішкі аудит;

4) әлеуметтік мәселелер;

5) Қоғамның ішкі құжаттарында көзделген өзге де мәселелер.

70. Осы тармақта аталған мәселелерді қарастыру Қоғамның Директорлар кеңесінің бір немесе бірнеше комитетінің құзыретіне жатқызылуы мүмкін. Директорлар кеңесінің комитеттері Директорлар кеңесінің мүшелерінен және белгілі бір комитетте жұмыс істеу үшін қажетті кәсіби білімі бар сарапшылардан тұрады.

Директорлар кеңесінің комитетін Директорлар кеңесінің мүшесі басқарады. Осы тармақтың 1) - 4) тармақшаларында көрсетілген мәселелерді қарастыруды қамтитын Директорлар кеңесінің комитеттерінің басшылары (төрағалары) тәуелсіз директорлар болып табылады.

Қоғам Президенті Директорлар кеңесі комитетінің төрағасы бола алмайды.

Директорлар кеңесінің комитеттерін және олардың жұмыс істеу тәртібін құру, олардың саны, сондай-ақ сандық құрамы Директорлар кеңесі бекіткен Қоғамның ішкі құжатымен белгіленеді.

71. Қоғамның Директорлар кеңесінің отырысы оның төрағасының немесе Қоғамның Президентінің бастамасымен немесе төмендегілердің талап етуімен шақырылуы мүмкін:

- 1) Директорлар кеңесінің кез келген мүшесі;
- 2) Қоғамның Ішкі аудит қызметі;
- 3) Қоғамның аудитін жүзеге асыратын аудиторлық ұйым;
- 4) Жалғыз акционер.

72. Директорлар кеңесінің отырысын шақыру туралы талап Директорлар кеңесінің төрағасына Директорлар кеңесі отырысының күн тәртібін қамтитын тиісті жазбаша хабарлама жіберу арқылы ұсынылады.

Директорлар кеңесінің төрағасы жиналысты шақырудан бас тартқан жағдайда, бастамашы аталған талаппен Қоғамның Президентіне өтініш беруге құқылы, ол Директорлар кеңесі отырысын шақыруға міндетті.

Директорлар кеңесінің мәжілісін шақыру туралы талап алынған күннен бастап күнтізбелік он күннен кешіктірмей Директорлар кеңесінің төрағасы немесе Қоғамның Президенті шақырады.

Директорлар кеңесінің мәжілісі аталған талапты ұсынған тұлғаны міндетті түрде шақыру арқылы жүргізіледі.

73. Директорлар кеңесі мәжілісін өткізу, мәжілісті өткізу және шешім қабылдау туралы Директорлар кеңесі мүшелеріне хабарлама жіберу тәртібі Қоғамның Директорлар кеңесі туралы ережемен анықталады.

74. Күн тәртібінің мәселелері бойынша материалдар Директорлар кеңесі мүшелеріне мәжіліс өткізілгенге дейін кемінде жеті күнтізбелік күн бұрын жіберіледі.

75. Мүдделі ірі мәмілені және/немесе мәмілені жасау туралы шешім қабылдау кезінде мәміле туралы ақпаратта мәміленің талаптары, мәмілені орындау мерзімі мен шарттары, тартылған тұлғалардың қатысу үлесінің сипаты мен көлемі туралы, сондай-ақ бағалаушының есебі туралы мәліметтер (Заңның 69-бабының 1-тармағында көзделген жағдайда) болуы тиіс.

76. Директорлар кеңесінің мәжілісіне кворум Директорлар кеңесі мүшелерінің жартысынан кем болмауға тиіс.

77. Директорлар кеңесінің әрбір мүшесі бір дауысқа ие. Директорлар кеңесінің шешімдері отырысқа қатысқан Директорлар кеңесі мүшелерінің қарапайым көпшілік дауысымен қабылданады.

Дауыстар бірдей болса, Директорлар кеңесі Төрағасының немесе Директорлар кеңесінің отырысында төрағалық ететін адамның дауысы шешуші болып табылады.

78. Директорлар кеңесі өзінің жеке жиналысын өткізу туралы шешім қабылдауға құқылы, онда тек Директорлар кеңесінің мүшелері ғана қатыса алады.

79. Қоғам Директорлар кеңесінің қарастыруына ұсынылған мәселелер бойынша тікелей, сырттай және аралас дауыс беру арқылы және осындай шешімдерді қабылдау тәртібі арқылы Директорлар кеңесінің шешімдерін қабылдай алады.

Сырттай/аралас дауыс беру арқылы шешім белгіленген мерзімде алынған бюллетеньдерде кворум болған жағдайда танылады.

Директорлар кеңесінің сырттай/аралас отырысының шешімі жазбаша түрде жасалып, оған Директорлар кеңесінің хатшысы мен төрағасы қол қоюы тиіс.

Сырттай дауыс беру шешімі тіркеген күннен бастап жиырма күн ішінде Директорлар кеңесінің мүшелеріне осы шешім қабылданған бюллетеньдердің көшірмелерімен қоса берілуге тиіс.

80. Директорлар кеңесінің бетпе-бет түрде өткізілген отырысында қабылданған шешімдер хаттамамен ресімделеді және отырыста төрағалық еткен тұлға мен хатшы арқылы отырыс өткізілген күннен бастап үш күн ішінде төмендегідей жасалады және қол қойылады:

- 1) Қоғамның атқарушы органының толық атауы және орналасу орны;
- 2) отырыстың өткізілетін күні, уақыты және орны;
- 3) жиналысқа қатысқан тұлғалар туралы мәліметтер;
- 4) отырыстың күн тәртібі;
- 5) Директорлар кеңесі отырысының күн тәртібіндегі әрбір мәселе бойынша Директорлар кеңесінің әрбір мүшесінің дауыс беру нәтижесін көрсететін, дауыс беруге қойылған мәселелер және олар бойынша дауыс беру нәтижелері;
- 6) қабылданған шешімдер;
- 7) Директорлар кеңесінің шешімі бойынша өзге де мәліметтер.

81. Директорлар кеңесі отырысының хаттамалары және сырттай дауыс беру жолымен қабылданған Директорлар кеңесінің шешімдері Қоғамда сақталады.

Директорлар кеңесінің Корпоративтік хатшысы Директорлар кеңесі мүшесінің талабы бойынша оған Директорлар кеңесі отырысының хаттамасын және сырттай дауыс беру арқылы қабылданған шешімдерді танысу үшін ұсынады және (немесе) Корпоративтік хатшының қолымен және Қоғамның мөрінің баспа-таңбасымен куәландырылған хаттамалар мен шешімдерден үзінділерін береді.

82. Директорлар кеңесі мәжілісіне қатыспаған немесе Қоғамның Директорлар кеңесі қабылдаған шешімге қарсы дауыс берген Директорлар кеңесінің мүшесі Заңмен және осы Жарғымен белгіленген тәртіпті бұза отырып, сот тәртібімен оған қарсы шығуға құқылы.

83. Директорлар кеңесі:

- 1) лауазымды тұлғалар мен акционерлер деңгейінде мүдделердің әлеуетті қақтығыстарын жоюға, оның ішінде Қоғамның меншігін заңсыз пайдалану және мүдделі мәмілелерді теріс пайдалануды қадағалауға және мүмкіндігінше жоюға;
- 2) Қоғамдағы корпоративтік басқару тәжірибесінің тиімділігін бақылауға тиісті.

10. Атқарушы орган

84. Қоғамның ағымдағы қызметін басқаруды атқарушы орган - Президент жүзеге асырады.

Атқарушы орган – Президент Заңмен, Қазақстан Республикасының еңге де міндеттік актілерімен және Қоғам Жарғысымен Қоғамның басқа органдарының және лауазымды тұлғаларының құзыретіне жатқызылмаған Қоғам қызметінің кез-келген мәселелері бойынша шешімдер қабылдауға құқылы.

Президент Жалғыз акционер мен Директорлар кеңесінің шешімдерін орындатуға міндетті.

85. Қоғамның Президенті атқарушы орган басшысының немесе басқа заңды тұлғаның атқарушы органы ретінде әрекет ететін тұлғаның лауазымын атқаруға құқылы емес.

86. Атқарушы органның басшысы - Президент:

1) Жалғыз акционердің және Директорлар кеңесінің шешімдерінің орындалуын ұйымдастырады;

2) үшінші тұлғалармен қарым-қатынаста Қоғамның атынан сенімсіздік әрекет етеді;

3) үшінші тұлғалармен қарым-қатынастарда Қоғам атынан өкілдік ету құқығына сенімсіздік береді;

4) Заңда белгіленген жағдайларды қоспағанда, Қоғам қызметкерлерін қабылдайды, асырады және қызметтен босатады, оларға ынталандыру шараларын және тәртіптік жаза қолданады, штат кестесіне сәйкес Қоғам қызметкерлерінің қызметтік ақыларының және жалақыға жеке үстемкыларының мөлшерін белгілейді, Қоғамның вице-президентін, Қоғамның ішкі аудит қызметінің қызметкерлерін, Корпоративтік хатшыны қоспағанда Қоғам қызметкерлерінің сыйақыларын анықтайды;

5) ол белгіленген жағдайда өз міндеттерін Қоғамның вице-президентіне жүктейді;

6) екі және Вице-президент (тер) арасындағы міндеттерді, сондай-ақ өкілеттіктер мен жауапкершіліктерді бөледі;

7) Қоғамның құрылымдық бөлімшелері туралы ережені бекітеді;

8) сыбайлас жемқорлыққа қарсы жұмыстарды ұйымдастырады және жұмысқа және жауапты болады;

9) Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінде белгіленген тәртіппен және мерзімдерде Қоғамның даму жоспарын 5 жылға әзірлеуді және оны жүзеге асыру туралы есепті дайындауды қамтамасыз етеді;

10) Қоғам Жарғысында және Жалғыз акционер мен Директорлар кеңесінің шешімдерімен анықталған өзге де функцияларды жүзеге асырады.

Атқарушы органның басшысы Президент Директорлар кеңесі комитетінің төрағасы бола алмайды және директорлар кеңесінің төрағасы болып сайлана алмайды.

11. Ішкі аудит қызметі

87. Қоғамның қаржы-шаруашылық қызметін бақылау үшін ішкі аудит қызметі құрылуы мүмкін. Құрылған жағдайда Қоғамның Ішкі аудит қызметі үшін мүшесізден тұрады.

Ішкі аудит қызметінің қызметкерлері Директорлар кеңесінің және атқарушы органның құрамына сайлана алмайды.

88. Ішкі аудит қызметі Директорлар кеңесіне тікелей бағынады және оған өз жұмысы туралы есеп береді.

89. Ішкі аудит қызметі Директорлар кеңесі бекіткен Қоғамның ішкі аудит қызметі туралы ережеге сәйкес Қоғамның атқарушы органының және құрылысшылық бөлімшелерінің қаржы-шаруашылық қызметін, операциялары мен іс-әрекеттерін бақылайтын Қоғамның органы болып табылады.

90. Ішкі аудит қызметі Директорлар кеңесінің қарастыруына ұсынылған мәселелер бойынша қорытындыларды дайындайды.

91. Ішкі аудит қызметінің қызметкерлерін тағайындау, еңбекақы төлеу және сыбайы беру шарттары мен мөлшерін және оларды тағайындау тәртібін Қоғамның Директорлар кеңесі бекітеді.

92. Ішкі аудит қызметі Директорлар кеңесіне тікелей бағынады және оның алдында өзінің жұмысы туралы есеп береді.

12. ҚОҒАМНЫҢ ЛАУАЗЫМДЫ ТҰЛҒАЛАРЫ

Қоғамның лауазымды тұлғалары

93. Қоғамның лауазымды тұлғалары Директорлар кеңесінің мүшелері мен Қоғамның Президенті болып табылады.

94. Қоғамның лауазымды тұлғалары Қазақстан Республикасының заңнамасымен көзделген жағдайларда және тәртіпте Қоғам мен Жалғыз акционер алдында жауапкершіліктер атқарады.

95. Басқарушылық функцияларды жүзеге асыратын Қоғамның лауазымды тұлғалары мемлекеттік функцияларды атқаруға уәкілетті тұлғаларға теңестіріледі және Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес сыбайлас жемқорлыққа байланысты құқық бұзушылықтар үшін жауапкершілік атқарады.

13. КОРПОРАТИВТІК ХАТШЫ

96. Корпоративтік хатшы - Директорлар кеңесінің мүшесі және (немесе) Қоғам Президенті болып табылмайтын, Директорлар кеңесімен тағайындалатын және Қоғамның Директорлар кеңесінің алдында есеп беретін Қоғам қызметкері.

97. Корпоративтік хатшыға Қоғамның органдары мен лауазымды тұлғаларының Жалғыз акционердің құқықтары мен мүдделерін қамтамасыз етуге бағытталған рәсімдерді сақтауларын, сондай-ақ Қоғамның Қазақстан Республикасының корпоративтік басқару саласындағы заңнама нормалары мен ережелерін, Жарғы қағидаттарын және Қоғамның басқа да ішкі құжаттарын қолдануын қамтамасыз ету жүктеледі.

105. Қоғам акционердің талабы бойынша Заңда көзделген құжаттардың көшірмелерін акционерге ұсынуға міндетті.

106. Жалғыз акционер ақпарат алу мақсатында Қоғамның атқарушы органына жазбаша түрде өтініш жазады. Жалғыз акционердің өтініші Қоғамның кіріс құжаттарының журналында тіркелуі тиіс. Қоғам Жалғыз акционердің талап еткен ақпаратын (сұралған құжаттардың көшірмелері) өтініш түскен күннен кейін отыз күнтізбелік күн ішінде беруге міндетті.

Құжаттардың көшірмелерін ұсынғаны үшін төлем мөлшерін Қоғам белгілейді және ол құжаттардың көшірмелерін жасау мен құжаттарды акционерге жеткізуге байланысты шығындарды төлеу құнынан аспауы тиіс.

107. Қоғамның Жалғыз акционерінің мүдделерін қозғайтын ақпараттар:

1) Жалғыз акционер мен Директорлар кеңесі қабылдаған шешімдер және мәселелер тізбесі бойынша қабылданған шешімдердің орындалуы туралы ақпарат, Қоғамның ішкі құжаттарына сәйкес акционерлер мен инвесторлардың назарына жеткізілуі тиіс ақпараттар;

2) Қоғамның акцияларды және өзге де бағалы қағаздарды шығаруы және Қоғамның бағалы қағаздарын орналастыру қорытындылары туралы есептерін, Қоғамның бағалы қағаздарын өтеу қорытындылары туралы есептерді уәкілетті органмен бекіту, уәкілетті органмен Қоғамның бағалы қағаздарының күшін жою;

3) Қоғамның мүддесіндегі ірі мәмілелер мен мәмілелерді іске асыру;

4) нәтижесінде Қоғамның активтерінің он және одан да көп пайызын құрайтын сомға мүлік сатып алынған немесе иеліктен шығарылған мәміле туралы ақпарат мәміле тараптары, сатып алынған немесе иеліктен шығарылған активтер, мәміленің шарттары мен талаптары, қатысатын тұлғалардың сипаты мен дәрежесі және сондай-ақ мәміле туралы басқа да мәліметтерден тұруы тиіс;

5) Қоғам мүлкін Қоғамның активтерінің бес және одан да көп пайызын құрайтын сомға кепілдікке (қайта кепілге) беру;

6) Қоғамның меншікті капиталының жиырма бес және одан да көп пайызын құрайтын мөлшерде несие алуы;

7) Қоғамның қандай да бір қызмет түрін жүзеге асыруға рұқсат алуы, қандай да бір қызмет түрін жүзеге асыруға Қоғамның бұрын алған рұқсат арқытын тоқтата тұру немесе тоқтату.

8) Қоғамның заңды тұлғаны құруға қатысуы;

9) Қоғамның мүлкін алып қою;

10) нәтижесінде теңгерімдік құны Қоғамның активтерінің жалпы мөлшерінің он және одан да көп пайызын құрайтын Қоғамның мүлкі жойылған төтенше жағдайлардың туындауы;

11) Қоғамды және оның лауазымды тұлғаларын әкімшілік жауапкершілікке тарту;

12) сотта корпоративтік дау бойынша іс қозғау;

13) Қоғамды мәжбүрлеп қайта ұйымдастыру туралы шешімдер;

14) Қоғам Жарғысына, сондай-ақ Қоғамның бағалы қағаздар шығаруына проспектісіне сәйкес Қоғамның Жалғыз акционерінің және инвесторлардың мүдделерін қозғайтын өзге де оқиғалар.

118. Қоғам қызметтік немесе коммерциялық құпия болып табылатын ақпаратқа қол жеткізуді Қоғам қызметкерлерінің тізімін жүргізуді міндетті түрде қамтамасыз етеді.

119. Қоғамның өз қызметіне қатысты құжаттары Қоғамның атқарушы органының орналасқан жері бойынша немесе оның жарғысымен анықталған басқа жерде-оның қызмет ету мерзімі ішінде сақтауға жатады.

120. Мынадай құжаттар сақталуға жатады:

1) Қоғам Жарғысы, Қоғам Жарғысына енгізілген өзгерістер мен толықтырулар;

2) Сырттай жиналысының хаттамалары;

3) Сырттай жиналыстың шарты (Жалғыз құрылтайшының шешімі), құрылтайшының шартына енгізілген өзгерістер мен толықтырулар (Жалғыз құрылтайшының шешімі);

4) Қоғамның жекелеген қызмет түрлеріне қатысуға және (немесе) белгілі бір а-аракеттері (мәмілелерді) жасауға рұқсат;

5) Қоғамның ішкі істерінде тұрған (болған) мүлікке ие болу құқықтарын растайтын құжаттар;

6) Қоғамның бағалы қағаздарын шығару проспектілері;

7) Қоғамның бағалы қағаздарын шығаруды мемлекеттік тіркеуді, бағалы қағаздарын күшін жоюды, сондай-ақ уәкілетті органға ұсынылатын Қоғамның бағалы қағаздарын орналастыру және өтеу қорытындылары туралы есептерді бекітуді растайтын құжаттар;

8) Қоғамның филиалдары мен өкілдіктері туралы ережелер;

9) Акционерлердің жалпы жиналысының хаттамалары (Жалғыз акционердің шешімі), дауыс беру қорытындылары туралы хаттамалар және бюллетендер (жарамсыз деп танылған бюллетендерді қоса алғанда), акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібі туралы материалдар (Жалғыз акционердің шешімі);

10) Директорлар кеңесі мәжілістерінің (сырттай отырыстары шешімдерінің) және бюллетендердің (соның ішінде жарамсыз деп танылған бюллетендерді қоса алғанда), Директорлар кеңесінің күн тәртібіндегі мәжілістер бойынша материалдар;

11) Қоғам Президентінің бұйрықтары;

12) егер-бар болса, корпоративтік басқару кодексі.

121. Қоғамның қаржылық есептілігін қосқандағы басқа құжаттар Қоғамның Ресубликасының заңнамасына сәйкес белгіленген мерзім ішінде сақталып.

16. ҚОҒАМНЫҢ МҮЛКІ

122. Қоғамның мүлкі мыналардың есебінен қалыптасады:

1) Жалғыз акционердің Қоғамның акцияларын төлеу үшін берген мүлкі;

2) оның қызметі нәтижесінде алынған кірістер;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынбаған негіздер бойынша сатып алынған өзге де мүліктер.

113. Қоғамның жарғылық капиталы Қоғамның жарияланған акцияларын орналастыру арқылы ұлғайтылады.

ІІ. ҚОҒАМНЫҢ ЖӘНЕ ЖАЛҒЫЗ АКЦИОНЕРДІҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ

114. Қоғам өз міндеттемелері бойынша өзінің мүліктері шегінде жауапкершілік аспайды.

115. Қоғам Жалғыз акционердің міндеттемелері бойынша жауапкершілік аспайды. Жалғыз акционер Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен көзделген жағдайларды қоспағанда, Қоғамның міндеттемелері бойынша жауап бермейді және Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген жағдайларды қоспағанда Қоғамның қызметіне байланысты шығындардың тәуекелін өзіне тиесілі акциялардың негізінде жүзеге асырылады.

116. Қоғам мемлекеттің міндеттемелері үшін жауап бермейді, соған сәйкес оның міндеттемелері үшін мемлекет жауапты болып табылмайды.

ІІІ. ҚОҒАМДЫ ҚАЙТА ҚҰРУ ЖӘНЕ ТАРАТУ

117. Қоғам Қазақстан Республикасының Үкіметінің шешімімен немесе Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де негіздер бойынша қайта ұйымдастырылуы және таратылуы мүмкін.

118. Қоғамды қайта құру (қосу, біріктіру, бөлу, бөліп шығару, қайта құру) Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген ережелері бойынша өкере отырып, Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне сәйкес жүзеге асырылады.

119. Қоғамды тарату рәсімі және оның кредиторларының талаптарын қанағаттандыру тәртібі Қазақстан Республикасының заңнамасымен реттеледі.

120. Қоғамның қызметін тоқтату бұл туралы мәлімет Ұлттық тізілімге енгізілгеннен кейін жүзіне енеді.

121. Қоғам таратылған жағдайда оның жарияланған, оның ішінде орналастырылған акциялары Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіппен жоюға жатады.

ІV. ҚОҒАМНЫҢ ЕРЕЖЕЛЕР

122. Қоғам өз қызметінде осы Жарғыны және Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерін басшылыққа алады.

123. Заңды құрғаның құқықтық қабілеттілігі оның құрылуы кезінде пайда болады және оның таратылуы аяқталған кезде тоқтайды. Заңды құрғаның айналысу үшін рұқсат алу қажет қызмет саласындағы құқықтық қабілеттілігі осы рұқсатты алған кезден бастап пайда болады және одан

нұсқасы, әрекет ету мерзімі өткен немесе Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген тәртіппен жарамсыз деп танылған сәттен бастап таңбаланған.

124. Осы Жарғыда реттелмеген барлық жағдайларда Қоғам Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерін басшылыққа алады.

125. Осы Жарғы заңнамада белгіленген тәртіппен мемлекеттік тіркеліс жүзінде бастап күшіне енеді.

Утвержден
приказом Медицинского центра
Управления Делами Президента
Республики Казахстан
от « 04 » февраля 2019 года
№ 15



Утвержден приказом Комитета
государственного имущества и
приватизации Министерства
финансов Республики Казахстан
от 19 сентября 2005 года №377

**УСТАВ
АКЦИОНЕРНОГО ОБЩЕСТВА
«ЛЕЧЕБНО-ОЗДОРОВИТЕЛЬНЫЙ КОМПЛЕКС
«ОК-ЖЕТПЕС»
(новая редакция)**

пос. Бурабай, 2019 год

1. ОБЩИЕ ПОЛОЖЕНИЯ

1. Настоящий Устав акционерного общества «Лечебно-оздоровительный комплекс «Ок-Жетпес» (далее – Устав) определяет правовой статус общества как юридического лица, его наименование, местонахождение, порядок формирования и компетенцию его органов, условия реорганизации и прекращения его деятельности и другие положения, не противоречащие законодательству Республики Казахстан.
2. Акционерное общество «Лечебно-оздоровительный комплекс «Ок-Жетпес» (далее – Общество) создано в соответствии с постановлением Правительства Республики Казахстан от 6 июня 2005 года № 563 «О некоторых вопросах республиканских государственных предприятий», в организационно-правовой форме акционерного общества со стопроцентным участием государства в уставном капитале.
3. Общество является правопреемником Республиканского государственного казенного предприятия «Клинический санаторий «Ок-Жетпес» Медицинского центра Управления Делами Президента Республики Казахстан.
4. Учредителем Общества является Правительство Республики Казахстан в лице Комитета государственного имущества и приватизации Министерства финансов Республики Казахстан.
5. Права владения и пользования государственным пакетом акций Общества осуществляет государственное учреждение «Медицинский центр Управления Делами Президента Республики Казахстан» (далее – Единственный акционер).
6. Обществу присвоен бизнес-идентификационный номер (БИН) - 051040005150.
7. Общество в своей деятельности руководствуется Конституцией Республики Казахстан, Гражданским кодексом Республики Казахстан, Законом Республики Казахстан «Об акционерных обществах» от 13 мая 2003 года (далее – Закон), Законом Республики Казахстан «О государственном имуществе», иными нормативными правовыми актами Республики Казахстан, а также настоящим Уставом и Кодексом корпоративного управления Обществом.
8. Общество является юридическим лицом в соответствии с законодательством Республики Казахстан, имеет самостоятельный баланс, банковские счета, может от своего имени приобретать и осуществлять имущественные и личные неимущественные права, нести обязанность, быть истцом и ответчиком в суде.
9. Общество имеет бланки, печать со своим наименованием и иные реквизиты, необходимые для осуществления его деятельности.
10. Общество вправе в порядке, установленном законодательством Республики Казахстан, участвовать в уставных капиталах юридических лиц.
